

Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу»
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын талқылау хаттамасы»

ХАТТАМАСЫ № 2

20.06.2024 ж.
Жиналыс залы

Түркістан қаласы
сағат- 15:00

Жиналыс төрағасы: А.Туребеков-директор орынбасары.
Хатшы: А.Еспан

Күн тәртібінде: 17.05.2024 – 28.06.2024 ж. Мерзім аралығында ішкі талдау жұмыстары өткізілген шаралар туралы жиналыс өткізілді. Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның директор орынбасары А.Турекулов төрағалық етіп компаенс офицері А.Еспан барлық қызметкерлерге түсіндіру шараларын өткізді.

Жиналыс төрағасы: Турекулов Айбек Такенович-директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары.

Хатшы, компаенс офицері: Еспан Айнұр Әбілтайқызы-заң консультанты.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жариялау.

Жиналыста келесі мәселелер айтылды:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілі қағидаға сәйкес қамтылған іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2024 жылғы 17.05-28.06 аралығы етіп белгіленгенін хабарлады.

- 1) Мекеме туралы Ереже;
- 2) Персоналды басқару бойынша құжаттар;
- 3) Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша құжаттар;
- 4) Тәртіптік жауапкершілікке тарту бойынша құжаттар;
- 5) Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша құжаттар;
- 6) Рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша құжаттар;
- 7) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бойынша құжаттар;
- 8) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша құжаттар;
- 9) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу, сондай ақ Мемлекеттік мекемелермен жасалған қағаз нұсқадағы келісім-шарттар бойынша құжаттар;
- 10) Лауазымдық нұсқаулық бойынша құжаттар;
- 11) Мекемеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініші, арыз-шағымдар бойынша құжаттар;

- осы құжаттарды зерделеу және түсіндіру жұмысының барысында Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» көпсалалы кешені МКҚК-сында анықталған кемшіліктер:

- Персоналды басқару бойынша: мекеме қызметкерлерінің ішінде негізсіз қосымша 0,5 штаттық бірлік алатындар анықталды;
- Кешеніміз концерттік ұйым болғандықтан келісім шарт бойынша жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер, заңды тұлғалармен іс-шара, концерттер өткізу бойынша жауапты маман ақылы келісім-шарттарды дұрыс сақтамағандығы анықталды;

Жоғарыда анықталған тәуекелдерді жою мақсатында төмендегідей ұсынымдар беріліп отыр:

- 1) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу туралы түсіндірме жұмыстарын өткізу.
- 2) 0,5 штаттық бірліктерді негізсіз берілмеуін қадағалау;
- 3) Құжаттарды, әсіресе өткізілетін іс-шаралар, концерттердің ақылы келісім-шарттарын рәсімдеу кезінде заң талаптарын сақталуын қадағалау;

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, болашақта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу басты назарда болуы туралы айтылды.

Жиналыс төрағасы А.Турекулов жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

А.Турекулов

Хатшы:

А.Еспан

